

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**ЖАЛПЫ ОРТА ЖӘНЕ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ БІЛІМ
АЛУШЫЛАРДЫҢ АРАСЫНДА КОМПЬЮТЕРЛІК ГРАФИКАДАН «СИҚЫРЛЫ
ҚЫЛҚАЛАМ» ТАҚЫРЫБЫНДА СЫРТТАЙ ӨТКІЗІЛЕТІН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
БАЙҚАУДЫҢ БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ**

Астана қ,

**2014 жылғы 11 желтоқсан-
2015 жылғы 26 қаңтар**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту, тәжірибелік қызметте ақпараттық технологияларды белсенді қолдануға оларды тарту мақсатында жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың арасында компьютерлік графикадан «Сиқырлы қылқалам» тақырыбында сырттай өткізілетін республикалық байқауды балаларға арналған ғылыми-танымдық www.ziyatker.org сайтында 2014 жылғы 11 желтоқсан мен 2015 жылғы 26 қаңтар аралығында өткізуде.

Міндеттері:

ақпараттық және компьютерлік технологиялар саласында шығармашылық белсенділікте ынталандыру;

қатысушылардың компьютерлік графикада жұмыс жасау дағдыларын игеру;

оқуда және болашақ кәсіби қызметте компьютерлік бағдарламаларды қолдануға оқушылардың қызығушылықтарын арттыру және шығармашылық мүмкіндіктерін кеңейту.

Байқауға жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары қатысады.

Жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында сырттай өтетін компьютерлік графикадан «Сиқырлы қылқалам» тақырыбында Республикалық байқауды өткізу туралы қосымша ақпаратты мына телефондар арқылы алуға болады: 87172- 24-93-12, 8-702-923-57-51 Шакиров Ғалиахмет Ришатұлы, 8-771-830-79-57 Хұрмет Кенжебек, электрондық пошта: info.do@list.ru.